

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өту тәртібі туралы" ереженің жаңа редакциясын қабылдау туралы" 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің мәселелері жөнінде" 2001 жылғы 14 ақпандағы N 32 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 20 желтоқсан N 567. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 8 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1749. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Төраға

Күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

18. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өту тәртібі туралы" ережесі туралы" 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің мәселелері жөнінде" 2001 жылғы 14 ақпандағы N 32 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 567 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1749 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 3 басылымдарында 2002 жылғы 28 қаңтарда - 10 ақпанда жарияланған)...

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің тәртібі туралы" ереженің жаңа редакциясын қабылдау туралы" 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 V960440_ қаулысына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің мәселелері жөнінде" 2001 жылғы 14 ақпандағы N 32 V011410_ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өту тәртібі туралы" ереженің жаңа редакциясын қабылдау туралы" 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің мәселелері жөнінде" 2001 жылғы 14 ақпандағы N 32 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20
желтоқсандағы N 567 қаулысымен бекітілді

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өту тәртібі туралы" ереженің жаңа редакциясын қабылдау туралы" 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің мәселелері жөнінде" 2001 жылғы 14 ақпандағы N 32 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің тәртібі туралы" ереженің жаңа редакциясын қабылдау туралы" 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өту тәртібі туралы" ережені бекіту туралы;

Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өту тәртібі туралы ережеде:

1-тармақтың:

үшінші-жетінші азатжолдарындағы "-" белгісі алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сегізінші азатжолмен толықтырылсын:

"тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу";

2-тармақтағы "мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтың үшінші және төртінші азатжолдарындағы "-" белгісі алынып тасталсын;

4-тармақтың төртінші азатжолындағы "8.1-8.10 тармақшалары" деген сөздер "1)-11) тармақшалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

8 - т а р м а қ т а ғ ы :

8. 1-8.10 тармақшалардың номерлері 1)-10) номерлерімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу

Банктің банк операцияларын жүргізуге байланысты тәуекелдерді бағалау, өлшеу, бақылау және мониторингі бойынша рәсімдері болуы тиіс.

Осы рәсімдер Ұлттық Банктің ұсынымдарын ескере отырып, халықаралық

тәжірибеде қабылданған тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс."

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өтуінің мәселелері жөнінде" 2001 жылғы 14 ақпандағы N 32 қаулысының:

2-тармақтағы және одан әрі барлық мәтін бойынша "8.1-8.10 тармақшаларындағы" деген сөздер "1)-10) тармақшаларындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Ереженің 8-тармағының 1)-10) тармақшаларының талаптарын (шарттарын) орындаған банктер 2002 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде Ұлттық Банкке тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың біреуінің осы қаулының 2-тармағында көзделген аудиттің және бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған банктің 2001 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы аудиторлық қорытындысын ұсынуға міндетті.";

мынадай мазмұндағы 4-1 тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Барлық банктер 2003 жылдың 1 сәуіріне дейін Ұлттық Банкке тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың біреуінің осы қаулының 2-тармағында көзделген және банктің Ереженің 8-тармағының 11) тармақшасындағы талаптарды орындауына баға берілген (расталған), аудиттің және бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған банктің 2002 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы аудиторлық қорытындысын ұсынуға міндетті.";

5-тармақтағы:

бірінші азатжолдың "және 4" деген сөздер ", 4 және 4-1" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы азатжол мынадай сөздермен толықтырылсын ", немесе осы қаулының 4-1 тармағының талаптарына сәйкес, 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай

бойынша Ереженің 8-тармағының 11) тармақшасының талаптары, 2003 жылдың 1

мамырына дейінгі мерзімде,";

сегізінші азатжолдың "және 4" деген сөздер ", 4 және 4-1" деген сөздермен ауыстырылсын.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК